



**"Отбасы банк" АҚ Басқармасының  
2023 жылғы 4 мамырдағы шешімімен  
(№ 77 хаттама) бекітілген 2023 жылдың  
қорытындылары бойынша Гендерлік  
теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-  
қимыл жоспарының орындалуы  
туралы Есеп**

# 2023 жылдың қорытындылары бойынша Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарының орындалуы туралы Есеп

Адам ресурстарын және ұйымдастыру қызметін басқару департаменті мен Жиынтық есептілік департаменті 2023 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің бағдарламаларына әйелдердің қатысу үлесі туралы ақпарат берді.

84%

Біліктілікті арттыру бағдарламаларына қатысқан қызметкер әйелдердің үлесі



50%

Оқыту іс-шараларына қатысқан қызметкер әйелдердің үлесі



55%

Әртүрлі көтермелеулер (сыйлықтар, наградалар және т.б.) алған қызметкер әйелдердің үлесі



# 2023 жылдың қорытындылары бойынша Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарының орындалуы туралы Есеп


**2023 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген қарыздарды 11 бағдарлама бойынша бөлу ұсынылады.**

«Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша қарыз алушылардың жалпы санынан қарыз алушы әйелдердің үлесі 91%-ды құрайды. «Ұмай» әйелдер ипотекасы тек әйелдерге беріледі, тиісінше қарыз алушы әйелдердің үлесі 100%-ды құрайды. «Жасыл ипотека» бойынша қарыз алушы әйелдердің үлесі 51%-ды құрайды. Банктің корпоративтік бағдарламалары бойынша қарыз алушы әйелдердің үлесі 42%-ға тең.

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 57% қарыз алушы әйелдерге және 43% қарыз алушы еркектерге берілген. Бағдарлама бойынша әскери қызметшілерге арналған қарыз алушы әйелдердің үлесі 13%-ды құрайды. Банктің өңірлік бағдарламалары бойынша қарыз алушы әйелдердің үлесі 66%-ға тең. «Өз үйім» бағдарламасы бойынша қарыз алушы әйелдердің үлесі 58%-ға жетеді.


«Шаңырақ» бойынша әйелдердің үлесі 73%-ды құрайды. Өзге мемлекеттік бағдарламалар бойынша қарыз алушы әйелдердің үлесі 57%-ға жетеді. Отбасы банктің ипотекалық қарыздары бойынша қарыз алушы әйелдердің үлесі 54%-ды құрайды.

## 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЫЗДАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ




2023 жылғы 1 желтоқсандағы қарыздардың жалпы саны - 494 740. Қарыз алушылардың жалпы санынан әйелдер қарыздарының үлесі 56%-ға, ал ерлер қарыздарының үлесі 44%-ға тең.

## ҚАРЫЗДАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫНАН ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҮЛЕСІ





## САУАЛНАМА ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ САНЫ




Жоспарлау және стратегиялық талдау департаменті **2023 жылғы** маусымнан бастап **2023 жылғы қарашаны қоса алғандағы аралықта** ай сайынғы негізде филиалдармен қарыз алушы әйелдер толтырған сауалнаманың нысандарын жинау және алынған ақпаратты статистикалық нәтижелерге өңдеу бойынша жұмыс жүргізді. Әрбір филиалда сауалнамаға қатысқан әйелдердің ең аз саны 30 адам болды, сауалнама қорытындысы бойынша **Банктің қарыз алушы әйелдерінен 684 сауалнама** жиналды.




## САУАЛНАМА ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

■ Сауалнамаға қатысқандардың %    ■ Қарыз алушылар-әйелдер



## ҚАРЫЗ АЛУШЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЖАСЫ




Сауалнама жүргізілген қарыз алушы әйелдердің 31%-ы білім беру саласында, 15%-ы медицина саласында, 14%-ы қаржы саласында, 8%-ы сату, сатып алу, 7%-ы қызмет көрсету саласында және 25%-ы басқа да түрлі салаларда жұмыс істейді.

18-ден 25 жасқа дейінгі ең жас қарыз алушы әйелдер 3%-ды құрайды, 28%-ы 26-дан 35 жасқа дейінгі әйелдер, 33%-ы 36-дан 45 жасқа дейінгі әйелдер, 23%-ы 46-дан 55 жасқа дейінгі әйелдер, 56 және одан жоғары жастағы әйелдер 13%-ды құрайды.

# Банктің қарыз алушы әйелдері арасында сауалнама жүргізу


## ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК ДЕГЕНІМІЗ НЕ?\*



Сауалнамаға қатысқан қарыз алушы әйелдердің 69%-ы гендерлік теңдік дегеніміз - ерлер мен әйелдер үшін тең құқықтар мен тең мүмкіндіктер деп санайды. Сауалнамаға қатысқан қарыз алушы әйелдердің 18%-ын жыныс теңдігін гендерлік теңдік деп атаса, сауалнамаға қатысқандардың 13%-ы аталған сұрақтың жауабын білмейді.

Банктің қарыз алушы әйелдерінің пікірінше, 33%-ы Қазақстан Республикасында гендерлік теңсіздік бар деп санайды, сұралғандардың 39%-ы жоқ деп санайды және сұралғандардың 28%-ы жауап беруге қиналады.


## ҚР-ДА ГЕНДЕРЛІК ТЕҢСІЗДІК БАР МА?\*



\* Барлық статистика Банктің сауалнама жүргізілген қарыз алушы әйелдерінің пікіріне негізделген


# Банктің қарыз алушы әйелдері арасында сауалнама жүргізу

## «ОТБАСЫ БАНК» АҚ-ДА ГЕНДЕРЛІК ТЕҢСІЗДІК БАР МА?\*



Банктің сауалнама жүргізілген қарыз алушы әйелдерінің 33%-ы Қазақстан Республикасында жұмысқа орналасу кезінде ерлерге лауазым алу әйелдерге қарағанда жеңілірек деп санайды, 67%-ы бұл пікірмен келіспейді.

## СІЗ ҚР-ДА ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАРАҒАНДА ЕР АДАМДАР ЛАУАЗЫМДЫ ОҢАЙ АЛАДЫ ДЕП ЕСЕПТЕЙСІЗ БЕ?\*




Банктің сауалнамаға қатысқан қарыз алушы әйелдерінің 96%-ы «Отбасы банк» АҚ-да қарыз алу/оны ресімдеу кезінде ешқандай гендерлік теңсіздік проблемасының болмағанын, сауалнамаға қатысқандардың 4%-ы осындай проблеманың болғанын айтты.

\* Барлық статистика Банктің сауалнама жүргізілген қарыз алушы әйелдерінің пікіріне негізделген

## ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ КЕЗІНДЕ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢСІЗДІКKE ҰШЫРАДЫҢЫЗ БА?\*

■ Иә   ■ Жоқ   ■ Жұмысқа орналасу тәжірибесі болған жоқ




Банктің сауалнама жүргізілген қарыз алушы әйелдерінің 87%-ы жұмысқа орналасу кезінде ешқашан гендерлік теңсіздікке ұшырамаған, сұралғандардың 7%-ы оң жауап берген, Банктің сұралған қарыз алушы әйелдерінің 6%-ының жұмысқа орналасу тәжірибесі болмаған.

\* Барлық статистика Банктің сауалнама жүргізілген қарыз алушы әйелдерінің пікіріне негізделген

Барлық қызмет салаларында ерлер мен әйелдердің құқықтарының теңдігі мүмкін бе деген сұраққа сауалнама жүргізілген қарыз алушы әйелдердің 41%-ы осы пікірмен келісетінін мәлімдеді, сұралғандардың 36%-ы ерлер мен әйелдердің құқықтарының теңдігі жекелеген салаларда ғана мүмкін деп санайды, ал сұралғандардың 23%-ы бұл сұраққа жауап бере алмады.

## БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАЛАРЫНДА ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ТЕҢДІГІ МҮМКІН БЕ?\*

■ Иә, барлық салаларда   ■ Жоқ, тек жекелеген салаларда   ■ Жауап беру қиын




ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАР-ӘЙЕЛДЕР

САУАЛНАМАҒА ҚАТЫСҚАНДАРДЫҢ %



# Гендерлік теңдік мәселелері бойынша Банктің барлық қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу

## САУАЛНАМАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР



Жоспарлау және стратегиялық талдау департаменті сауалнама жүргізу үшін, сондай-ақ техникалық сауалнама жүргізу және статистикалық нәтижелерді жинау мақсатында Адам ресурстарын және ұйымдастыру қызметін басқару департаментіне 2023 жылғы 3 қарашада № 65047 қызметтік жазбахатты жолдады. Сауалнамаға Банктің 1093 қызметкері, оның ішінде Орталық аппараттың 477 қызметкері (268 әйел және 209 ер адам) және филиалдардың 616 қызметкері (370 әйел және 455 ер адам) қатысты.




# Гендерлік теңдік мәселелері бойынша Банктің барлық қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу


Сауалнама жүргізілген қызметкерлердің 12%-ы 18-25 жас аралығында, 38%-ы 26-35 жас аралығында, 37%-ы 36-45 жас аралығында, 10%-ы 46-55 жас аралығында және 4%-ы 56 және одан жоғары жаста.

Сауалнама жүргізілген қызметкерлердің 73%-ының жоғары (гуманитарлық, қаржы-экономикалық) білімі бар. Сауалнама жүргізілген қызметкерлердің 23%-ының жоғары (техникалық) білімі бар. Сауалнама жүргізілген қызметкерлердің 6%-ының ғылыми дәрежесі және 4%-ының орта, орта-кәсіптік білімі бар.

## САУАЛНАМА ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАСЫ




## САУАЛНАМА ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІМІ




# Гендерлік теңдік мәселелері бойынша Банктің барлық қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу

## САУАЛНАМА ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТЫ



Сауалнама жүргізілген қызметкерлердің 78%-ы мамандар, орындаушылар, 18%-ы орта буын басшылары және 3%-ы басқарманың бірінші буын басшылары болып табылады.

## САУАЛНАМА ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ




Сауалнама жүргізілген қызметкерлердің 49%-ының 5 жылдан астам, 19%-ының 1 жылдан 3 жылға дейін және 3 жылдан 5 жылға дейін жұмыс тәжірибесі бар, 1 жылдан кем жұмыс өтілі бар қызметкерлер 13%-ды құрайды.

# Гендерлік теңдік мәселелері бойынша Банктің барлық қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу


Сауалнама жүргізілген қызметкерлердің 87%-дан астамы гендерлік теңдік - бұл ерлер мен әйелдер үшін тең құқықтар мен тең мүмкіндіктер деп санайды. Сауалнамаға қатысқан қызметкерлердің 8%-ы жыныс теңдігін гендерлік теңдік деп атаса, 3%-ы жауап беруге қиналады, 2%-ы бұл анықтамалар гендерлік теңдік терминіне сәйкес келмейді деп есептейді.

Банк сауалнама жүргізілген қызметкерлерінің 45%-ы Қазақстан Республикасында гендерлік теңсіздік бар деп санайды, сұралғандардың 28%-ы жоқ деп санайды және сұралғандардың 27%-ы жауап беруге қиналады.

## ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК ДЕГЕНІМІЗ НЕ?\*



## ҚР-ДА ГЕНДЕРЛІК ТЕҢСІЗДІК БАР МА?\*




\* Барлық статистика Банктің сауалнама жүргізілген қызметкерлерінің пікіріне негізделген

# Гендерлік теңдік мәселелері бойынша Банктің барлық қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу


Сауалнамаға қатысқан Банк қызметкерлерінің 95%-ы «Отбасы банк» АҚ-дағы лауазымдық міндеттерін орындау кезінде ешқашан гендерлік теңсіздік проблемасына ұшырамаған, сауалнамаға қатысқандардың 5%-ы осындай проблеманың болғанын айтты..

Сауалнамаға қатысқан Банк қызметкерлерінің 36%-ы Қазақстан Республикасында жұмысқа орналасу кезінде ерлерге лауазым алу әйелдерге қарағанда жеңілірек деп санайды, 64%-ы бұл пікірмен келіспейді.

## «ОТБАСЫ БАНК» АҚ-ДА ГЕНДЕРЛІК ТЕҢСІЗДІК БАР МА?\*



## СІЗ ҚР-ДА ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚАРАҒАНДА ЕР АДАМДАР ЛАУАЗЫМДЫ ОҢАЙ АЛАДЫ ДЕП ЕСЕПТЕЙСІЗ БЕ?\*




\* Барлық статистика Банктің сауалнама жүргізілген қызметкерлерінің пікіріне негізделген

# Гендерлік теңдік мәселелері бойынша Банктің барлық қызметкерлері арасында сауалнама жүргізу

Сауалнамаға қатысқан банк қызметкерлерінің 94%-ы жұмысқа орналасу кезінде ешқашан гендерлік теңсіздікке ұшыраған емес, алайда сауалнамаға қатысқандардың 6%-ы оң жауап берді.


Барлық қызмет салаларында ерлер мен әйелдер құқықтарының теңдігі мүмкін бе деген сұрақта барлық сұралғандардың осы пікірмен келісетіні және келіспейтіні іс жүзінде бірдей 41%-ды құрады, алайда сұралғандардың 18%-ы бұл сұраққа жауап бере алмады.

## ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ КЕЗІНДЕ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢСІЗДІКKE ҰШЫРАДЫҢЫЗ БА?\*



■ Иә ■ Жоқ

## БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАЛАРЫНДА ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ТЕҢДІГІ МҮМКІН БЕ?\*



\* Барлық статистика Банктің сауалнама жүргізілген қызметкерлерінің пікіріне негізделген



**НАЗАР АУДАРҒАНЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!**

**«Отбасы банк» АҚ**

А05А2ХО, Алматы қ., Абылай хан даңғ., 91

Тел.: 8 (727) 330 9 300

Байланыс орталығы: 300, 8 8000 801 880

Факс: 8 (727) 279 35 68

[www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz)